



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық сот





1897 және 1907 жылдардағы Гаага конференциялары халықаралық қауымдастыққа арналған Әлемдік сот құру үшін қажетті жағдай жасады. Аралық соттың Тұрақты палатасы шын мәнінде тұрақты палата да, сот та емес еді. Оның құрылуы халықаралық құқық жүйесін реттеп, бір ізге түсіру, бір жерге шоғырландыру бағытындағы маңызды қадам болды. Дегенмен Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін бұл бағытта ешқандай нақты іс жасалған жоқ. Ұлттар Лигасының Жарғысында Әлемдік сот құру үшін ұсыныс жасалды. Осылайша 1920 жылы Халықаралық сот төрелігінің Тұрақты палатасы құрылды. Бұл халықаралық арбитраж тетіктерін қалыптастыру үшін күш салуға түрткі болды. Арбитраж бен Тұрақты сот халықаралық қауымдастыққа қызмет көрсететін жан-жақты жүйенің жұмысын қамтамасыз етуге тиіс еді. Бұл жүйе дау-жанжалды реттеудің құқықтық және ұйымдастырушы құрылым аясында қолжетімді әдіс-тәсілдер ұсыну арқылы зорлық-зомбылыққа жол бермеуді көздейтін.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Халықаралық сот төрелігінің Тұрақты палатасының орнын Жарғының 92-бабында Біріккен Ұлттар Ұйымының «басты сот органы» ретінде көрсетілген, мәртебесі мен юрисдикциясы жөнінен Тұрақты соттың заңды жалғасы болып табылатын Халықаралық сот басты. Бұрын Тұрақты сот шешкен, кейінірек Халықаралық сот үкім шығарған жағдайлардың арасында ешқандай айырмашылық болған жоқ.

Сотты ұйымдастыру

Халықаралық соттың он бес мүшесі бар: «олар – қай елдің азаматы екендігіне қарамастан, жоғары моральдық қасиеттерге ие тұлғалардың арасынан таңдап алынған, өз елдеріндегі жоғарғы сот қызметіне тағайындау үшін қойылатын талаптарға толық сай келетін немесе халықаралық құқық саласында мойындалған, абыройлы заңгерлер».

Соттарды тағайындау процедурасы құқықтық және саяси жағдайларды үйлестіруге, ұлттық мемлекеттердің ықпалын мүмкіндігінше болдырмауға ұмтылыс арқылы жүргізіледі. Негізі бұл 1920 жылы Рут-Филлимор жоспары арқылы бекітілген жүйе. Бұл жоспар Халықаралық тұрақты сот нақты құрылған кезде маңызды рөл атқарды. Сот құрамына ұсынылған үміткерлерге қатысты туындаған күмән атаулының түгел сейілуіне ықпал етті. Сот мүшелерін Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі аралық соттың Тұрақты палатасының ұлттық топтары жасаған білікті тұлғалар тізімінен сайлайды. Дауыс беру бөлек жүргізіледі. Егер мәселе Халықаралық тұрақты сотта таныстырылмаған БҰҰ мүшелері туралы болса, тізімді арнайы тағайындалған ұлттық топтар жасайды. Бұл ереже соттарды сайлау барысында саяси қысымды шектеу үшін қосылған. Сайлау сатылы түрде жүргізіліп, үш жылда бір рет өткізіледі. Әр сайлауда бес соттан сайланады. Осылайша, сот құрамындағы мирасқорлық элементі сақталады.

Іс жүзінде Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі арасында судьяларды сайлау және саяси факторлармен тығыз үйлесім қалыптасқан. Осы үйлесімді сақтау Статуттың 9-бабына міндеттелген. Онда былай делінген: «Сайлаушылар әрбір сайланған адамның жеке өзі ғана емес, судьялар құрамы түгелімен қойылған талаптардың бәріне сай келуге тиістігін және өркениеттің басты формалары мен әлемнің негізгі құқықтық жүйелерінің уәкілдігін қамтамасыз ететінін ескеруге тиіс». Бұл процесс жалғаспалы саясиландыру негізінде көп сынға ұшырады, бірақ қалыптасқан жағдайларда оны толығымен жою қиындау еді. Жекелеген соттардың пікірі әсіресе шетін жағдайларда шешуші мәнге ие болады. 1966–1970 жыл аралығындағы Namibia ісі бойынша шығарылған шешімде сот ұстанымының өзгеруін өткен кезеңде сот құрамында болған үлкен өзгерістермен түсіндіруге болады. Үміткерлер Ассамблеядағы сайлауда да, Кеңестегі сайлауда да абсолютті басым дауысқа ие болуға тиіс және бір мемлекеттен бір адамнан артық сайланбайды.

Сот мүшелері тоғыз жылға сайланады және қайта сайлануға мүмкіндігі болады. Олар қызмет барысында дипломатиялық артықшылықтарға және иммунитеттерге ие болады, ал судьяны қызметтен шеттету соттың қалған мүшелері оның тиісті талаптарды орындамай отырғаны туралы барлығы бір ауыздан пікір білдірмейінше жүргізілмейді. Ондай талаптардың арасында сот мүшелерінің саяси немесе әкімшілік қызмет атқаруына немесе басқа кәсіби жұмыспен шұғылдануына тыйым салатын бап бар. Соттың бірде-бір мүшесі агент, адвокат немесе қандай да бір істе қорғаушы ретінде әрекет ете алмайды және бұрын өзі агент, адвокат



немесе қандай да бір тараптың қорғаушысы яки ұлттық немесе Халықаралық соттың не тергеу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде немесе басқа да кез келген рөлде қатысқан іс бойынша шешім қабылдауға араласа алмайды. Сот президент пен вице-президентті үш жылға сайлайды, бұл мерзім ұзартылуы мүмкін және олардың кеңсесі Гаагада орналасады.

Сот құрамына қатысты сайлау процедураларының мақсаты – мемлекет мүшелерінің емес, тәуелсіз мүшелердің сот органын құру болғандықтан, Статуттың 31-бабында әр тараптың азаматы болып табылатын судьялардың сотта қаралып жатқан іс жөніндегі мәжілістерге қатысуға құқылы екені айтылған. Жалпы, бұл бапта Халықаралық соттың құрамында тараптардың азаматтығы бар судья болмаса, Халықаралық сотта қаралатын дау жөнінде шешім қабылдайтын судьяны олардың өздері таңдай алатыны айтылған. Сондықтан соттың тиімділігі біршама төмендей түсетіні рас. Ad hoc судьялар тағайындаудың бұл процедурасы Соттың құқықтық мәселелер жөніндегі сарапшылардың тәуелсіз органы ретіндегі сипатына жағымсыз әсер етіп, сол үшін сынға ұшырауы ықтимал. Бұл ереженің не үшін жазылып, қолданысқа енгізілген себебін халықаралық саясат пен саяси легитимділіктің қажеттілігі аясынан табуға болады, сол кезде ғана бәрін түсіне аласыз.

Соттың жұмыс тәртібі мен қызметін реттейтін регламент 1946 жылы қабылданып, 1972 және 1978 жылдары қайта қаралды. Кейін 1978 жылғы регламенттің 79 және 80-баптарына 2000 және 2005 жылдары өзгертулер енгізілді. Өткен жылдарда Халықаралық соттың ішкі сот практикасы біраз талқылауға түсіп, бірқатар өзгертулер енгізілді. Мысалы, сот енді Практикалық нұсқаулар қабылдай алады және өз жұмыс тәртібін өзі реттейді. Жазбаша мәлімдемелердің үлгілері Сот регламентінің 44–53 баптарымен реттеледі. Бұл баптарда тараптарға айтарлықтай еркіндік берілген. Сот шағым беру уақытын, тәртібін, шағымның санын өз бетінше белгілей алса да, ондай мәселелерді тараптармен кеңесе отырып шешеді. Мысалы, уақытын ұзартады немесе келесі кезеңде қарау туралы шешім қабылдайды.

Халықаралық соттың юрисдикциясы

Халықаралық сот – өз құзырына өткен істерді қарап, халықаралық құқықтың нормалары негізінде шешім шығаратын сот институты. Халықаралық сот заң шығарушы орган емес. Сондықтан жаңа құқық нормаларын шығара алмайды. Соттың өзі мәлімдегендей, құқық нормаларын қолданады, бірақ, құқық нормаларын жасап шығармайды. Дегенмен Халықаралық сотта қаралатын мәселелер қай кезде де саяси факторлармен біте қайнасып жатады. Тіпті кейде ондай істерді, алдымен, БҰҰ-ның саяси органдары мен басқа да халықаралық ұйымдар екіжақты келіссөздер жолымен қарастырады. Осы жерде Халықаралық соттың қызметі қаншалықты орынды және қаншалықты маңызды деген сұрақ туады. БҰҰ Жарғысының 92-бабына сәйкес, Халықаралық сот дегеніміз – «БҰҰ-ның ең басты сот органы». Судья М. Ляхс Халықаралық сотқа «БҰҰ жүйесінде де, одан тыс жерде де тұтас халықаралық қауымдастықтың құқығын қорғаушы орган» деп баға берген. Дегенмен саяси факторларды құқықтық мәселелерден бөліп қарауға да болады. Сот кез келген құқықтық даудың саяси қыры болатынын айта келе, соттың міндеті «сол істегі құқықтық дауды халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары негізінде шешу» деген. Істе басқа факторлардың болуы құқықтық даудың маңызын төмендете алмайды. Сондай-ақ «соттың маңызды міндетінің бірі» – мемлекеттердің халықаралық құқықтық міндеттемелерін орындауына баға беру. Демек, «соттың міндеттерінің бірі – құқықтық дау сотқа жеткенге дейін-ақ дауға өз көзқарасын білдіру» екен. Сот құқықтық нормаларды істің ыңғайына қарай қолданады. Бірақ сол ыңғайдан ауытқымауға тиіс.

Құқықтық даулардың сипаты

Халықаралық сот статутының 36(2)-бабында «сотта қаралатын мәселе міндетті түрде құқықтық дау болуға тиіс» деген талап бар. Құқықтық дауға нақты анықтама беру мүмкін болмаса да, Халықаралық тұрақты сот *Mavrommatis Palestine Concessions (Jurisdiction)* ісінде осындай көзқарас қалыптастыруға тырысты. Соттың мәлімдеуінше, дау «құқық жөнінде немесе



факті бойынша келіспеушілік сипатында болуға тиіс және екі тұлғаның арасында құқықтық көзқарасқа байланысты кикілжің туындаған болуы керек». Бірақ оны халықаралық қақтығыс пен халықаралық дауға ұласатын оқиғалардан ажырата білген жөн. Осыны ажырата білу ерекше маңызды, өйткені дауды шешу үшін оның неден туындағанын нақты көрсететін себепті анықтап алу қажет. Сотқа шағым берген күн даудың себебін анықтау күні болып есептеледі.

Дауды қамтитын юрисдикция

Халықаралық соттың юрисдикциясы екі бөліктен: мемлекеттердің арасындағы дауды шешу қабілетінен және тиісті органдардың өтініші бойынша кеңес-пікір беру құзыретінен тұрады. Бұлардың екіншісі туралы келесі дәрісімізде әңгімелейміз.

Сот статутының 36(б)-бабында соттың юрисдикциясы туралы дау туындаса, сот өз юрисдикциясын өзі анықтауға құқылы деген. Сондай-ақ сот бірнеше істе өз юрисдикциясының ауқымын өзі анықтай алатыны айтылған. Ондай кезде соттың юрисдикциясына күмән келтірген тарап бұл құқықтық мәселе екенін дәлелдеуге тиіс. Сонымен бірге юрисдикция мәселесі шағым берген кезде шешілуге тиіс, яғни соттың дәл сол уақытта юрисдикциясы бар екеніне, бұдан кейін қандай жағдай болмасын соттың юрисдикциясы жалғаса беретініне көз жеткізуі керек. Сонда істі қарау барысындағы және одан кейінгі өзгерістер нәтижесінде юрисдикция мәселесі көтерілсе де, бәрібір юрисдикция жоққа шығарылмайтын болады. Сонымен қатар юрисдикция мәселесінде Халықаралық сот юрисдикцияның сипатына ішкі құқықтағыдай ерекше мән бере бермейді. Халықаралық соттың өз юрисдикциясын жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қолдануы Халықаралық соттың ажырамас құқығы, яғни соттың юрисдикциясы бар екені анықталғаннан кейін сот қызметін жүзеге асыруына және юрисдикциясын шектеуге еш нәрсе себеп бола алмайды. Сондай-ақ сот белгілі бір мәселе бойынша юрисдикциясы анықталған соң юрисдикция ауқымының сол мәселені шешетін құқықтық құралды пайдалануға мүмкіндік беретіні бөлек мәселе ретінде қаралмайтынын мәлімдеді.

Юрисдикция мәселесін статуттың 61-бабы негізінде ғана қайта қарауға болады. Юрисдикция туралы шешім мәселені оңтайлы шешу үшін қолайлы болуға тиіс және істі қарау барысында анықталған жаңа жайттарға сүйеніп, осы шешімге күмән келтіруге болмайды. Халықаралық соттың юрисдикциясы мәселесі тараптардың келісімі бойынша шешілетіндіктен, бұл туралы берілген шағым негізді болуға тиіс. Негізді болу дегеніміз – халықаралық құқық нормаларына сай болу. Мысалы, дипломатиялық қорғау мәселесінде жергілікті құқық құралдарының таусылуы сияқты, негізге ие болу дегенді білдіреді. Соттың юрисдикциясы бар екеніне қарамастан, талапкердің шағымында келтірілген мәліметтер нақты негізге сүйенген болып, соттың істі қарауына қандай да бір кедергі пайда болса, оның юрисдикциясы туралы мәселе көтеріледі. Ондай кезде соттың істі қарауына қарсы алғышарт пайда болады. Сондай-ақ соттың істі бастапқы кезеңде қарауы *ratione personae* юрисдикция мәселесіне жатады, яғни соттың юрисдикциясын анықтағанға дейін туындайтын мәселе болып есептеледі. Бұл – істі қарау құқығына қатысты мәселе. Ал істі қарау құқығы «юрисдикцияның негізіне қарамастан, пайда болатын құқық». Бірақ істі тиісті ретпен қарау құқығы юрисдикцияға байланысты.

Халықаралық сот статутының 34-бабында «Халықаралық сот қарайтын істің тараптары тек мемлекеттер ғана бола алады» деп көрсетілген. Бұл өте маңызды норма. Себебі сотқа жеке тұлғалардың, халықаралық ұйымдардың жүгіне алмайтынын көрсетіп отыр. Олар тек кеңес-пікір алу үшін ғана жүгіне алады. Халықаралық сотқа оның статутына қатысушы болып отырған мемлекеттердің бәрі жүгіне алады. БҰҰ Жарғысының 93-бабында «БҰҰ мүшелері толығымен Халықаралық сот статутының *ipso facto* мүшелері болып табылады, ал БҰҰ-ға мүше емес мемлекеттер статутқа тек Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысымен Бас Ассамблеяның қоятын талаптары негізінде ғана қатысушы бола алады», – деп белгіленген. Қауіпсіздік Кеңесінің мәлімдемесіне сәйкес, Халықаралық соттың статутына мүше емес мемлекеттер Халықаралық соттың юрисдикциясын мойындайтыны және сот шешімін орындайтыны туралы (толық немесе ішінара) мәлімдеме тапсырса, Халықаралық сотқа жүгіне алады. Батыс Германия дәл осындай мәлімдемені БҰҰ-ға мүше болмай тұрып тапсырған. Албания мен Италия өздері қатысқан істерді мойындайтыны туралы ішінара мәлімдеме тапсырды.



Статуттың 35(2)-бабында статутқа қатысушы емес мемлекеттердің Халықаралық сотқа жүгіну құқығына ие болуы үшін қойылатын талаптарды Қауіпсіздік Кеңесі «шарттағы ерекшеліктерді ескере отырып» белгілейтіні айтылған. Сот бұл нормадағы шарт деген сөз статут күшіне енген күнгі, яғни жаңадан құрылған Халықаралық соттың юрисдикциясын белгілейтін шарттар деген түсініктеме берді. Халықаралық сотқа тек мемлекет қана жүгіне алады десек те, сот қажет кезінде халықаралық ұйымдардан да мәлімет сұрай алады және ұйымдардың берген мәліметтерін қолданады.

Дауға қатысушы тараптардың Халықаралық сотқа жүгіну құқығы екінші тараптың келісіміне байланысты емес және бұл мәселені сот өзі қарап, іс басталғанға дейін юрисдикция мәселесін анықтап алады. Статуттың 35(1)-бабында Халықаралық сот өзінің статутына қатысушы мемлекеттердің бәріне ашық екені ескертілген. Соттың өзі «Сот тек статуттың 35-бабына сәйкес келетін мемлекеттерге ғана қызмет көрсетеді» деген. Сондықтан соттың юрисдикциясы тек Халықаралық сотқа жүгіне алатын мемлекетке ғана таралады.

Халықаралық соттың сот билігі ретіндегі ажырамас құқықтары бар. Ондай құқықтардың қатарына сот процесін өз бастамасымен қысқарту құқығы кіреді. Дегенмен ажырамас құқықтар екі жағдайда шектеледі: бірінші – сот регламентінің 38(5)-бабына сәйкес, яғни талапкер шағым берген кезде жауапкер мемлекет келіседі деген үмітпен юрисдикциясы жоқ болса да шағымданса; екінші – сот бұл істе жауапкер мемлекетке қатысты юрисдикциясы жоқ екеніне байланысты істі қысқарту туралы өтінішті қолдаса.

36(1)-бап

Статуттың 36(1)-бабына сәйкес, Халықаралық соттың юрисдикциясы тараптардың кез келген шағымын, БҰҰ Жарғысында, халықаралық шарттар мен конвенцияларда аталған айрықша мәселелерді қарауға толық жеткілікті. Тараптар арбитражға жүгінгендей, Халықаралық сотқа белгілі бір даудың талаптары мен ауқымы көрсетілген арнайы келісім немесе ымыраға келу құжатын өткізу арқылы шағымдана алады. Бұл әдісті сот *Minquiers and Ecrehos* ісінде және басқа бірнеше істе қолданған.

Соттың юрисдикциясы тараптардың келісіміне негізделген. Ал тараптардың келісімі белгілі бір формада болуға тиіс. Сол сияқты сот кейде тараптардың келісім бергенін мінез-құлқына қарап анықтауы да мүмкін. Сот *Corfu Channel (Preliminary Objections)* ісінде тараптардың арасындағы Халықаралық соттың юрисдикциясы туралы келісімді талапкер мемлекеттің (Ұлыбритания) біржақты мәлімдемесі мен жауапкер мемлекеттің (Албания) оған берген жауап хатына қарап анықтаған. Халықаралық соттың юрисдикциясын мойындағанын тараптар сот процесі басталар алдындағы мінез-құлқы арқылы көрсете алады деген тұжырым *forum prorogatum* доктринасы деп аталады. Бұл доктрина әдетте Халықаралық соттың юрисдикциясына жатпайтын іс бойынша бір тарап Халықаралық сотқа жүгініп, оның шағымына екінші тараптың жауабын күткен кезде қолданылады. Егер жауапкер тарап шағымды Халықаралық соттың қарайтынына келіссе, онда Халықаралық соттың юрисдикциясы сол іске де таралатын болады.

Мемлекеттер нақты істер бойынша жүгінген осы істерден басқа Халықаралық соттың юрисдикциясы халықаралық шарттардың негізінде де таралады. Бұл үшін халықаралық шартта Халықаралық соттың юрисдикциясы жүретіні туралы келісілген норма болуы керек. Шындығында, халықаралық шарттар мен екіжақты және көпжақты шарттардың басым көпшілігінде осы шарттардың түсініктемесі мен қолданылуына қатысты туындаған дауларға Халықаралық соттың юрисдикциясы жүретіні туралы норма бар. Ондай конвенциялардың мысалы ретінде 1948 жылғы Геноцид туралы конвенцияны, 1965 жылғы Инвестиция даулары жөніндегі конвенцияны, 1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенцияны, 1970 жылғы Әуе кемелерін заңсыз әкетуге қарсы күрес туралы конвенцияны атауға болады. *Application of the Genocide Convention (Bosnia v. Yugoslavia)* ісін қарау Халықаралық соттың юрисдикциясына жататыны туралы мәлімдеме жасалғанда Геноцид туралы конвенцияның IX бабына сүйенген.



36(2)-бап

Бұл бап Халықаралық соттың юрисдикциясы қамтитын ауқымды кеңейте түсу үшін аса маңызды. Кейде «қолайлы ереже» деп аталатын 36(2)-бапта былай делінген: «Статутқа қатысушы тараптар Халықаралық соттың юрисдикциясын мойындаған мемлекетті кез келген уақытта ipso facto қатысушы ретінде ешбір арнайы келісімсіз-ақ мына мәселелер бойынша, тани алады»:

- шартты түсіндіруге байланысты;
- халықаралық құқыққа қатысты кез келген сұрақ бойынша;
- халықаралық міндеттеме арқылы;
- бұзған кез келген факт анықталған кезде;
- халықаралық міндеттемесін бұзғаны үшін төленетін өтемеақының көлемі мен сипаты бойынша.

Бұл норманы мойындаған мемлекеттер саны неғұрлым көбейген сайын Халықаралық соттың юрисдикциясы соғұрлым кеңейе түседі. 1984 жылдың соңына қарай БҰҰ Бас хатшылығына осы норманы мойындайтыны туралы 47 декларация тапсырылған, бұл Халықаралық соттың статутына қатысушы мемлекеттер санының үштен бірінен де аз. Ал 2016 жылғы тамызда бұл көрсеткіш 72-ге жетті.

36(2)-бапқа сәйкес, берілген декларация көп жағдайда шартты түрде болады және жоғарыда айтқанымыздай, тараптың өзіне тиімді кезде жасалады, яғни 36(2)-бапқа сәйкес, соттың юрисдикциясы тараптардың дауы бір мәселеге қатысты болған кезде ғана жүреді. Осылайша, бір мемлекет Халықаралық соттың юрисдикциясын екінші мемлекет дәл сол міндеттемені орындаған кезде ғана мойындайтын жағдайды құқықта ең төменгі ортақ еселік доктрина деп атайды. Ондай кезде тараптардың декларациялары бірдей болуы міндетті емес, ең бастысы, тараптардың Халықаралық соттың юрисдикциясын мойындайтыны туралы декларациялары бір іске қатысты болса жеткілікті.

Сұрақтар

1. Халықаралық сотқа судьяларды таңдауда саяси қысымды азайту мақсатында қандай шаралар қолданылады? Сіз мұндай процедураларды тиімді деп санайсыз ба?
2. БҰҰ-ның өзге де органдарымен параллельді юрисдикцияға қатысты Халықаралық соттың ұстанатын позициясы қандай?
3. Мемлекеттер арасындағы дауларды қарастыруға қатысты Соттың юрисдикциясының ерекшеліктерін атап өтіңіз.

Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 16-тақырып.
2. R. Kolb, The International Court of Justice, Oxford, 2013 ed.
3. M. N. Shaw, Rosenne's Law and Practice of the International Court, 1920-2015, 5th edn, The Hague, 4 vols., 2016.